Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№25 (1028)

25.06.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

60 ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ ПӘТЕРЛІ БОЛДЫ



ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЖАҢА ПӘТЕР КІЛТТЕРІ ТАБЫС ЕТІЛДІ.

Кәсіби мерекелері қарсаңында құқық қорғаушыларға берілген 60 пәтерлік тұрғын үй «Нұрлы жер» бағдарламасымен салынған. Пәтер кілттерін қоныстой иелеріне облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов тапсырды. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Жиналған көпшілікті баспаналы болуымен құттықтаған облыс әкімінің орынбасары Лаззат Махатұлы азаматтардың тыныштығын, заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етудегі полиция қызметкерлерінің қызметіне жеміс тіледі. Сонымен қатар, мерекеге орай құқық қорғау органдары қызметкерлеріне «Болашақ» шағын ауданында осы 60 пәтерлік үй салынып, қолданысқа берілгелі отырғандығын да айтты.

«Талдықорғанда биыл 6, 7, 8 шағын аудандарда және коттедж қалашығында мемлекеттік бюджет және жеке инвестиция есебінен жалпы ауданы 120 мың шаршы метрден асатын 35 көпқабатты тұрғын үй және 204 коттедждің құрылысы аяқталады деп жоспарланған. Осылайша мемлекеттік бағдарламалар нәтижесінде халықты тұрғын үймен қамту жұмыстары жылдан жылға қарқын алатын болады. Жаңа шаңырақ молшылық пен бірлікке толы болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, Жетісу жері, Талдықорған қаласы гүлдене берсін», – деді ол.

Бұдан кейін сөз алған Полиция департаментінің бастығы полиция генерал-майоры Серік Күдебаев, «Отбасы банк Тұрғын үй жинақ банк» АҚ Алматы облысы филиалының директоры Ғалымжан Шалғымбаев, полиция ардагері Өмірбек Ізбасаров та ақ тілектерін жеткізді.

Пәтер кілттері салтанатты жағдайда табысталып, қуаныш иелері полиция қызметкерінің анасы, ішкі істер саласының ардагері Анна Ракулова мен Талдықорған қаласы Полиция басқармасы криминалдық полиция бөлімінің жедел уәкілі, полиция капитаны Жігер Сәрсенов мемлекет қамқорлығына шынайы ризашылықтарын білдірді.

Айта кетейік, биыл өңірде 1 млн. шаршы метрдей тұрғын үй пайдалануға беріледі. Ал Талдықорғанның өзінде 120 мың шаршы метр үй халық игілігіне берілмек. Баспанамен қамту мәселесін шешу үшін республикалық бюджеттен 5,6 млрд. теңге бөлінсе, оған қоса жергілікті бюджеттен 204 коттеджді салуға 1,5 млрд. теңге қарастырылған.



ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне II жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САЛТАНАТТЫ ШАРА

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Талдықорғанда мемлекеттік қызметшілер күніне арналған салтанатты шара өтті. Саланың үздік қызметкерлері Алматы облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.



Іс-шараға Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Ләззат Бейсеқұлова және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты.

Салтанатты шарада құттықтау сөз сөйлегендер мемлекеттік қызметші болудың үлкен еңбек және ерекше жауапкершілік екенін атап өтті.

Өңір әкімінің құттықтауы да осы кәсіп өкілдеріне жеткізілді. Осылайша, адал қызметі және лауазымдық міндеттерін мүлтіксіз орындағаны үшін Құрмет грамотасы облыстың әр аудан-қалаларында еңбек ететін мемлекеттік қызметшілерге табысталды. Марапатталғандардың арасында талғарлық Жұлдыз Әліпова да бар.

– Бұл салада еңбек етіп жүргеніме 11 жыл болды. Талғар ауданы Панфилов ауылдық округі әкімдігінің бас маманы болып жұмыс істеймін. Мемлекеттік қызмет мен үшін таңдау ғана емес – бұл менің болашағым. Бұл сіздің кішкентай туған ауылыңызға пайдаңды тигізуге үлкен мүмкіндік. Бүгін біздің еңбегіміз назардан тыс қалмағаны үшін алғысымды білдіргім келеді, – деді ол.

Іс-шарада Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов пен Алматы облысы Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Сырым Дінбаев «Қазақстан Республикасының Үздік мемлекеттік қызметшісі» төсбелгісімен марапатталды.

Айта кетейік, облыста мемлекеттік қызмет саласында 7069 адам жұмыс істейді. Олардың 49 пайызы ерлер, 51 пайызы әйелдер.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Алматы облыстық мәслихаттың денсаулық сақтау, білім беру, халықты әлеуметтік қорғау және мәдениет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысы өтті. Бұл туралы облыстық мәслихаттың баспасөз қызметі.



Күн тәртібінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның Алматы облысында жүзеге асыру барысы туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ө.Ниязбеков есеп берді. Өз баяндамасында басқарма басшысы медициналық мекемелердің медициналық техникамен жабдықталу көрсеткіші 88,9 пайызға орындалғанын тілге тиек етті. *«Облыс бойынша медициналық қызметкерлердің орташа жалақысын көтеру бойынша Президенттің тапсырмасын орындай отырып, дәрігердің орташа жалақысы 277 143,0 теңгені құрады. Дәрігерлер тапшылығын шешу жолдарының бірі – тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады, облыс бойынша 2020 жылы жергілікті әкімдіктер 104 пәтер және үй бөлді. 2020 жылы Талдықорған қаласында 200 төсектік модульдік инфекциялық аурухана, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылында бір кезекте 100 келушіге арналған әйелдер консультациясы бар 100 төсектік перзентхана, 10 дәрігерлік амбулатория және Көксу ауданының Айнабұлақ ауылында медициналық пункт салынды. Жалпы, құрылысқа 12,0 млрд.теңге бөлінсе, оның 11,9 млрд. теңгесі игерілді»* – деді баяндамашы.



Тұрақты комиссия мүшелері жиында аудан-қалаларды аралау барысында анықталған өзекті сұрақтарды көтеріп, оның шешу жолдары бойынша басқарма басшысынан жауабын алды.

Отырыс соңында қаралған мәселе бойынша шешім қабылданып, денсаулық саласындағы сұрақтар депутаттар тарапынан үнемі жіті назарда болатындықтарын тілге тиек етті.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ



ЕЛ БІРЛІГІН НЫҒАЙТҚАН КЕЗДЕСУ

Талдықорған қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Марат Әзілханов Алматы облыстық ҚХА жанындағы этномәдени орталықтары мен облыстық «Жаңғыру жолы» Республикалық жастар қозғалысы мүшелері және еріктілердің жұмысымен арнайы танысу мақсатында кездесу өткізді.

Кездесуде этномәдени бірлестіктер мен «Жаңғыру жолы» өңірлік жастар қозғалысының өкілдері облыс, қала және аудан әкімдіктері жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңесі құрамына енгізетіні белгілі болды.

Жұмыс сапары барысында Марат Алмасұлы этномәдени орталықтардың, қоғамдық келісім және Аналар кеңесінің, жетекші журналистер клубының, Алматы облысы ҚХА жанындағы ғылыми – сараптама тобының мүшелерімен кездесіп, құрылым жұмыстарына шолу жасады. Сонымен қатар этномәдени орталықтардың «Қоғамдық келісім» және «Аналар кеңесінің» ұсыныстары мен талап тілектері тыңдалды.

Облыстық «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы жыл басынан бері 100 шақты қайырымдылық шара өткізген. Сонымен қатар «Мен қазақша сөйлеймін», «Отыз игі іс», «Біз біргеміз» сынды жобаларды жүзеге асырылғандығы алға тартылды.

А.ҚҰСЫМАНҚЫЗЫ.

ЖИЫН

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Тіл сарайының мәжіліс залында облыстық қоғамдық кеңестің отырысын өткізіп, өңірдегі қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, сұрыптау, жою және көму мәселелері қаралды. Бұл туралы облыстық мәслихаттың баспасөз қызметі хабарлады.



Кеңес отырысында облыстық энергетика, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Б.Танекеновтың және облыстық экология департаменті басшысының орынбасары Б.Аденовтың есебі тыңдалды.

Алматы облысында қатты тұрмыстық қалдықтар мәселесі күн тәртібінен түспеген өзекті мәселелердің бірі. Жыл сайын облыс аумағына 1,0 млн. тоннадан астам тұрмыстық қатты қалдықтар шоғырланады, оның ішінде 440 мың тоннасы Алматы қаласының аумағынан түседі. Жалпы жиналған тұрмыстық қалдықтардың жалпы көлемі 9 млн.тоннаны құрайды.Бұл бағытта кешенді шаралар жүргізіліп, тиісті жұмыстар атқарылуда. Атап айтсақ, соңғы 3 жылда Қарасай, Райымбек, Іле аудандарында 3 полигон жойылды. 2020 жылы 41 ТҚК сақтау және көму орны қысқартылды. 352 рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері жойылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НОВОСТИ

ПЕРЕПИШУТ ШКОЛЬНЫЕ УЧЕБНИКИ

Министерство науки и образования вносит изменения в учебники истории. На рассмотрение уже внесены поправки в учебники для средних классов "История Казахстана" и "Всемирная история", то есть с 5 по 9 классы.



Разработчики в основном обошлись уточнениями многих исторических моментов, а также дополнили учебники параграфами новейшей истории и упущенными ранее, по их мнению, деталями.

К примеру, базовое содержание для 5 класса дополнено введением "с целью подготовить обучающихся к восприятию истории. Учитывая, что предмет изучается ими впервые, познакомить их с основами исторической периодизации, с исторической картой Казахстана", - говорится в пояснении.

Введены также темы и понятия по этнической истории. Минобразования хочет сфокусировать внимание на них для того, чтобы у "обучающихся с начала изучения истории Казахстана сформировалось четкое представление о том, что казахи являются автохтонным (принадлежность по происхождению) населением данной территории".

В учебники пытаются добавить такие темы, как рассмотрение рисков, вызванных пандемией COVID-19 в общественно-политической жизни казахстанского общества, а также научить оценивать роль космодрома Байконур в освоении космоса и анализировать проблему международного терроризма и экстремизма.

Предложения по поправкам опубликованы на сайте открытых НПА. Кто и когда будет переписывать учебники, не сообщается. Эти предложения внесены к проекту приказа № 115 «Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам, курсам по выбору и факультативам для общеобразовательных организаций», то есть на согласование с Национальной палатой предпринимателей Республики Казахстан "Атамекен", Республиканской ассоциацией частных организаций образования, Общественным советом по вопросам образования и науки, защите прав детей Министерства образования и науки Республики Казахстан и на получение антикоррупционной экспертизы.

Напомним, в начале года президент Касым-Жомарт Токаев поручил разработать единые школьные учебники по "Истории Казахстана" и "Всемирной истории".

"По качеству учебников есть вопросы. На сегодня в школах используются учебники истории нашей страны и мира, где можно увидеть множество разночтений. Я сам читал некоторые учебники и удивляюсь их низкому качеству", - отметил Токаев на расширенном заседании правительства.

Министерство разработало и внесло на обсуждение поправки практически через полгода после поручения.

СОБ.КОРР.

ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО

НЕУВАЖЕНИЕ К СУДУ НЕСЕТ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

Гражданским процессуальным законодательством определен порядок привлечения к ответственности за проявление неуважения к суду.

В соответствии со статьей 120 Гражданского процессуального кодекса, об установлении факта проявления неуважения к суду в судебном заседании судьей (составом суда), ведущим процесс, непосредственно в судебном заседании, где это нарушение было установлено, объявляется правонарушителю немедленно без удаления суда в совещательную комнату. Данный факт фиксируется в протоколе судебного заседания. При этом протокол об административном правонарушении не составляется.

Лицо, в отношении которого установлен факт проявления неуважения к суду, а так же иные лица, участвующие в деле, вправе дать свои объяснения.

Постановление об административном правонарушении изготавливается председательствующим судьей после окончания судебного заседания по гражданскому делу в совещательной комнате, подписывается судьей (составом суда).

Если неуважение к суду проявлено в судебном заседании и нарушитель покинул зал судебного заседания, при проявлении неуважения к суду вне судебного заседания, а так же если установлено уклонение от явки в судебное заседание, протокол о правонарушении составляется судебным приставом или иным работником суда по устному распоряжению председателя суда или председательствующего в заседании, что указывается в протоколе о правонарушении.

Протокол вместе с необходимыми материалами в случаях, предусмотренных частью 4 статьи 120 Гражданского процессуального кодекса, направляются для рассмотрения в суд в соответствии с подсудностью, установленной Кодексом об административных правонарушениях.

Если в действиях нарушителя порядка в судебном заседании имеются признаки уголовного правонарушения, суд выносит об этом постановление, которое вручается и (или) направляется лицу, в отношении которого оно вынесено, в течении трех рабочих дней и с подтверждающими материалами направляется прокурору для организации проведения досудебного производства.

А. АБДРАХМАНОВ,
судья СМЭС Алматинской области.

ПРАЗДНИКИ

«ЕСТЬ ТАКАЯ ПРОФЕССИЯ – РОДИНУ ЗАЩИЩАТЬ»

10-ЛЕТНИЙЮБИЛЕЙОТМЕТИЛОРЕСПУБЛИКАНСКОЕОБЩЕСТВЕННОЕОБЪЕДИНЕНИЕ«ВЕТЕРАНЫ ВООРУЖЕННЫХСИЛ».23ИЮНЯПРОШЛОПРАЗДНИЧНОЕМЕРОПРИЯТИЕНАКОТОРОМЧЕСТВОВАЛИ ВЕТЕРАНОВ.





«Сегодня мы собрали всех ветеранов Вооруженных сил, чтобы поздравить с этим замечательным праздником»,-рассказывает Рахим Киргабаев, председатель общественного объединения по Алматинской области.

Филиал общественного объединения начал свою деятельность в 2012 году. На сегодняшний день на учете состоит более 2600 ветеранов, в то числе военнослужащих, которые выполняли свой интернациональный долг в Афганистане.

С участием ветеранов за последние годы прошло множество мероприятий в том числе открытие музея «Воинамілік Даңқ» в военно-технической школе города Талдыкорган, а также проходили «уроки мужества» в школе им. Ш. Уалиханова, Юридическом, Политехническом и Медицинском колледжах, основной целью которых было привить молодому поколению любовь к Родине.

Члены общественного объединения, несмотря на свой возраст, ведут активную социальную жизнь и принимают участие в военно-патриотическом воспитании молодого поколения.

«Каждый раз проводя любое мероприятие, мы с радостью приглашаем наших ветеранов. Они всегда принимают участие. Наша работа очень важна, поскольку мы должны передать свой опыт молодежи», - рассказывает Рахим Асланбекович.

В ходе праздничного мероприятия ветеранов поздравил председатель общественного объеденения Алматинской области Р. Киргабаков, а также прошло награждение медалями«Әскери-патриоттық тәрбиеге қосқан үлесі үшін» и поздравительными грамонтами.

«Именно наши ветераны с первых дней принимали участие в создании Вооруженных сил РК.

Я сам служил в Тихоокеанском морском флоте СССР, а после развала союза я вернулся и начал службу в городе Талдыкорган. После меня призвали на службу военно-морские силы РК. Проделав путь от матроса до зам. командующего военно-морскими силами РК, я стал председателем общественного объединения «Ветераны Вооруженных сил» в нашей области и от всей души хочу поздравить всех ветеранов с праздником и пожелать благополучия и крепкого здоровья!»,- говорит Р. Киргабаев.

На вопрос « Почему Вы выбрали именно военную службу?» Рахим Асланбекович с улыбкой ответил: «Знаете, есть замечательный фильм «Офицеры», я отвечу фразой из данной кинокартины «Есть такая профессия − Родину защищать». Я выбрал целью своей жизни защиту Родины и ее интересов».

Торжественное мероприятие завершилось специально подготовленной концертной программой в честь ветеранов ВС РК.

К. ПФАЙФЕР.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІЛІМ

БІЛІМ ОШАҚТАРЫН БЫЛЫҚ-ШЫЛЫҚ ЖАЙЛАП АЛҒАНЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖИІЛЕП КЕТТІ. НЕБІР ЖАҒА ҰСТАТАТЫН ЖАҒДАЙЛАР ТІРКЕЛІП ЖАТЫР. БҰҒАН БІР ҒАНА МҰҒАЛІМДІ КІНӘЛАУ, «ЖЫҒЫЛҒАНҒА ЖҰДЫРЫҚ СІЛТЕГЕНМЕН» БІРДЕЙ. МӘСЕЛЕНІҢ ТҮП ТӨРКІНІН МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ІРІП-ШІРІГЕННЕН КӨРСЕК, ТАМЫРДЫ БАСЫП, КЕСЕЛДІ ТУРА ТАПҚАН ТӘУІПТІҢ ӨЗІНДЕЙ БОЛАРМЫЗ.



МЕКТЕПТЕГІ БЫЛЫҚ ПЕН ШЫЛЫҚ

немесе иі қамбаған идеология

Анығы, «көзге шыққан сүйелдей» бадырайып тұрған қоғамдағы індет, ашкөздік, жемқорлық, сұғанақтықтың етек жайғаны, лауазымды тұлғалардың этикадан, эстетикадан ауытқып, қол астындағыларды қойдай үйездетіп, жылқыдай жусатуы қоғамдағы идеологияның кескін-келбетін көрсетіп тұрған жоқ па? Соның бір көрінісі білім ордаларындағы лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттері, әдепсіздіктері, қомағайлықтары қоғамда қызу талқыға түсуде.

Интернетті ашсақ, ондағы ауыздарына «ақ кіріп, көк ит шығып» былапыт сөздерді құсып, үстінде лыпасы жоқ, жұрттың алдында именбей кетіп бара жатқан жабайыларды көреміз. Адам баласы мұншалықты анайы болады екен-ау деп жағамызды ұстап, басымызды шайқайтын болдық. Ең, өкініштісі, өзекті өртейтіні, іріген ауыздарынан, шіріген сөз шығарғандардың, жалаңаш тәнін көрсеткендердің тәрбиесіздігін жас өркендер бойына жұқтыруда. Осының бәріне қотыр болған қоғамның кері кеткен идеологиясы кінәлі. Технологияның дамыған заманында, жақсылық та, жамандық та лезде тарап, көптің көкейінде қалады. «Өлең деген өсекші жұртқа жаяр» деп Абай дана айтқандай, аузыңнан шыққанды, қолыңмен жасағанды әп-сәтте әлемге таратын интернеттің икемділігіне ешкім өкпе арта алмайды. Осының арқасында әдепсіз әкімдерді, погонды полицияларды, ауызымен орақ орған талай шенділердің лас іс-әрекетін көріп, осындай есерлер де ел басқарып жүр-ау,-деп налитын болдық. Мемлекеттік қызметтің қадірін қашырғандарға қарап, «іс тетігін кадр шешеді» деген кешегі кеңестік идеологияның тәлімін-тәрбиесін аңсайды екенсің. Тәуелсіз мемлекетіміздегі іріген идеологияның солқылдаған соқтасы білім ошақтарында қан-жыны араласып, шашырап жатыр. Басқа-басқа, әйел қауымның аузынан шыққан былапыт сөзді білдей бір мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасы дауылдай боратып тұр. Тіпті, айналамда адамдар бар-ау деп именбейді. Анайы сөздермен айбарланып кеткендей. Ол Түркістан облысы, Ордабасы ауданының Бадам ауылындағы, мектеп директоры орынбасары Ұлжан Елмұратова болып шықты. Қызметке орналасуы да тамыр-таныс арқылы жүзеге асқан оны мектеп директоры жұмысқа амалсыз алдым. Әкімдіктің тапсырмасынан аса алмадым-дейді. Міне, біздің қоғамдағы, идеологиялық тәлім мен тәрбиенің көрінісін, әрі кадр мәселесін кімдер шешетінін пайымдай беріңіз. Жарайды, қолдап қолпаштағандар арқасында қызметке қолы жеткен екен. Әрі қарай, « Екі елі ауызына төртелі қақпақ қойып», өзін осы қызметке жетелегендерді де ұятқа қалдырмай жүрмеді ме. «Шешесінің, әкесінің күн тимес жерін аузын толтырып айғайға басқан ұстаз, ер адамға қол да көтерді. Бұл әйел адамға тән қылық па? Жаман аты жалпақ жұртқа жария болған ұстаз, бүкіл Түркістан обылысының ұстаздар қауымына кір келтірді. Өзі де жұмыстан қуылып, ең сорақысы зейнетке шығуға бір жыл қалған мектеп директорына да зиянын тигізді. Енді, ауылдағы бүкіл ұстаздар қауымы ереуілдеп, «директорды жұмысқа қайтарыңдар» деп ұлардай шулауда. «Бір қарын майды, бір құмалақ шірітеді» деген осы. Шықпаған сұмдықтың бәрін, мектептерден көретін болдық. Жұдырығына сенген директор қол астындағы мұғалімге қол жұмсайды. 2017 жылы Сарыағашта білім ұясының басшысы, қолайына жақпаған мұғалімді шақырып алып, кабинетін кілттеп соққыға жыққаны туралы ақарат желіні жарды. Махамбет Өтемісов атындағы мектепте болған бұл оқиғада мектеп директоры әйел мұғалімді талдырып тастаған. Ақыр соңы білім ошағына полиция келген. «Бақсам бақа екен» демекші, директор мен мұғалімдер арасындағы бұл алғашқы дау емес екен.. Білім ұясындағы ұстаздар мұның алдында басшысын жемқор деп айыптаған. Өйткені білім ұясында ұстаздардан еш себепсіз үнемі ақша жиналып, олар директордың сорақы әрекетін әшкерлеу үшін талай есікті тоздырғандарын айтқан. Міне, іркіттей іріген идеологияның нәтижесі. Балаларға тәлім-тәрбие беретін ұстаздардың ұсқынсыз әрекеті күн сайын емес сағат сайын әшкерленуде. Сонда біз, балаларды кімдерге сеніп тапсырып жүрміз. Үлкеннен именудің, әдепті болудың, тәлім мен тәрбиенің жауынгері саналған ұстаздардың аузы боқтыққа толы болса, жұдырығына сенсе, әрі жемқорлықтан жемсауынан босамаса, мұндай ұстаздардың алдын көрген шәкірттер қандай маман болып қалыптасады. Ырыққа көнбей, індетке айналған жемқорлық білім ошағында өрттей қаулап тұр. Мектеп ұстаздарына, ақ жол көрсетеді деген білім басшыларының өзі, жемқорлықпен шатылып жатқан соң, не сорым. Ақиқатын айтсақ, табалағандай боламыз. Мұндай, ерсі қылықтан Алматы облысының білім жүйесі де құр қалып тұрған жоқ. Мектеп директорларының араны ашылғаны сондай, қыл аяғы еден жушылардың болар-болмас, жалақыларына көз алартады, жұмысқа алар кезде пәре дәметуі, одан қалса өзінің туған-туыстарының үйлерін тазалатуы, кірін жудыруы қандай ақылға сияды.

Алматы облысындағы Кербұлақ ауданында мектепте еден жуатын әйел, мектеп басшысының үстінен шағымданып видеоүндеу жариялады. Ел құлағын елең еткізген жағымсыз бейнебаянда еден жуушы Ұлбосын Қыстаубаева ай сайын жалақысының бір бөлігін мектеп директорына беріп келгенін айтады. Тіпті бұл үрдіс соңғы бес жылдан бері жалғасқан. «*Мен 2016 жылдан бастап 2021 жылға дейін Күреңбел мектебінде еден жуушы болып жұмыс істедім. Осы уақытта Күреңбел қазақ орта мектебінің директоры Кәмшат Болатханқызына 2016 жылдың қараша айынан бастап 2020 жылдың желтоқсан айына дейін 12 мыңнан 20 мың теңге аралығында ақша беріп отырдым. Соны не үшін бердім? Бұл ақшаны менен не үшін ұстап келді, соны бухгалтериядан анықтауын талап етемін. 12-20 мың теңгесін бересің дегенін неге орындағанымды әлігі дейін түсінбеймін. Сол себепті бухгалтериядан менің қанша ставкада жұмыс істегенімді, қанша жалақы алуым керектігін тексеруін сұраймын. Мен қазір жұмыс істемеймін. Себебі, енді ақша бермеймін дегенім үшін жұмыстан шығарды. Еңбегімді жеді, бұл ақша сонда маған тиесілі емес пе?* – дейді. Осы істің ақ-қарасын нақты білу үшін Кербұлақ аудандық білім бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Гүлжанат Сағатованың денсаулығына байланысты емделіп жатқанына орай білім бөлімінің бас маманы Әлихан Ерғалиұлымен тілдесіп, жазбаша жауап алдық.

1. Қыстаубаева Ұлбосын Кербұлақ ауданы Күреңбел орта мектебіне еден жуушы болып мектеп директорының 2016 жылғы 1 қараша күнгі № 27 бұйрығымен қабылданған.

Ұ.Қыстаубаева 2020 жылдың 1 қыркүйегінде өз еркімен жұмыстан босату туралы өтініш беріп, мектеп директорының 2020 жылғы 1 қыркүйек күнгі №12 бұйрығымен жұмыстан босатылған.

2020 жылдың 9 қазанында аталған мектепке еден жуушы ретінде жұмысқа қайта қабылдау туралы өтініш беріп, декреттік демалысқа кеткен кіші қызметкердің орнына уақытша жұмысқа қабылданған (09.10.2020ж №34 бұйрық). Негізгі кіші қызметкердің

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

өз орнына жұмысқа шығуына байланысты мектеп директорының 2021 жылғы 2 наурыздағы №42 бұйрығымен Ұ.Қыстаубаева жұмыстан босатылған, Ұ.Қыстаубаеваға жұмыс жасаған аралығына сәйкес 27660 теңге көлемінде толық есептік төлем берілген (аудандық есеп бөлімінен анықтама алынды).

2. Кербұлақ аудандық орталықтандырылған есеп бөлімінің берген анықтамасы бойынша жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдері мен кіші қызметкерлердің айлық еңбек ақысы уақытылы жеке есеп шотына аударылады.

Ұ.Қыстаубаеваның «қанша ақша алуым керектігін тексеруін сұраймын» дегеніне байланысты кіші қызметкер Ұ.Қыстаубаеваға 2020 жылы қараша айындағы есеп бойынша 57462 теңге тағайындалған. Зейнет ақы қорына 5746 теңге, медициналық сақтандыруға -492 теңге, «Нұр Отан» партиясының жарнасы-298 теңге, кәсіподақ жарнасы-575 теңге, ал қолына алатыны -50351 теңге болған.

2021 жылғы қаңтардағы тарификациялық тізім бойынша 57 462 теңге тағайындалған. Аталған сомадан зейнет ақы қорына 5746 теңге, табыс салығы -81 теңге, медициналық сақтандыруға -1149 теңге, «Нұр Отан» партиясының жарнасы-298 теңге, кәсіподақ жарнасы-575 теңге, ал қолына алатыны -49613 теңге (аудандық орталықтандырылған есеп бөлімінен анықтама алынды).

4. Күреңбел қазақ орта мектебінде 2021 жылдың 10-11 маусым аралығында Алматы облысы әкімі аппараты ішкі мемлекеттік аудит қызметі тексеріс жүргізген. Тексеріс нәтижесінде Күреңбел қазақ орта мектебінің алаңы 9859, 4 шаршы метр құрғандықтан ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына сәйкес әрбір еден жуушыға 500 шаршы метрден тиесілі екені, мектеп алаңына сәйкес бекітілген штаттық бірлік толық қамтылғаны, артық немесе кем кіші техникалық (еден жуушы) қызметкерлер анықталмағаны нақты көрсетілген.

Мектеп директоры К.Қыстаубаева осы уақытқа дейін ешкімнен ақша алмағаны туралы түсінік беріп, «Азаттық рухы» kz тілшісінің мақаласында дәлелденбеген фактілердің жазылғаны ар- намысын қорлап, іскерлік беделіне нұқсан келтіргені туралы түсінік бергенін мәлімдейді. Енді кімге сенеміз, ай-сайын 12000-20000 директорға бердім деген еден жуушыға ма, жоқ әлде, Алматы облысы әкімі аппараты ішкі мемлекеттік аудит қызметі тексерісіне ме? Әрине тексеру комисиясына сенеміз. Еден жуушы карточка арқылы уақытылы жалақысын алып тұрып, неге өз қолымен ақша жинаушыға апарып береді. Бұл парақорлықтың нақ өзі. Сыбайлас жемқорлықпен күресетін құзырлы органға неге шағымданбаған деген сауал санаға салмақ салады. Журналистік сараптама жасап, жанжақты сұрау салу барысында еден жуушы мен мектеп директоры бір рудың, анығын айтқанда, жақын туыстар болып келетін білдік. Оны мектеп директоры Кәмшатта жоққа шығармайды. «Өте жақын туыстығымыз жоқ, былай бір рудың баласымыз» дейді. Содан болар екі мәрте жұмысқа қабылдапты. Наурыз айында өз өтінішімен жұмыстан кеткен руласы араға үш-ай салып, видеоүндеу жасауы көңілге қонымсыз. Ең сорақысы, бұл арада екінші бір мектеп директорының да дау-дамайға қатысы бары айтылуда. Бұл жағдайдан, облыс әкімі де хабардар екенін, Кербұлақ ауданы білім бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Гүлжанат Сағатова мектеп директорларының әрекетінен шаршағанын айтады. Жіптің ұшығын тарсаң, деректер жинап, бір-



бірін қаралап жатқан мектеп ішіндегі былықты көресің. Масқаралығы сол, әлем желісінде атақтары шығып «Хит» болып жатқандар ортаға еден жуушыны салып қойып, тәлімі теріс идеологиялық бағыт ұстанып отыр. Директор деген мектептегі ұстаздардың, шаруашылық саласындағы қызметшілердің басын үйлестіруші, және сол мектептегі оқып жатқан балалардың әрі ата-аналардың бет айнасы! Айна кірлесе кім сүртеді? Мектептегі «мылтықсыз майдан», екі тарапқа бөлінген директорлардың айқасы сотқа да барып тіреліпті. Камшат Болатханқызының айтуынша, Малайсары директорымен бұрында соттасып, бірінші, екінші сатыдағы сотта шешім менің пайдама шешілді. Бұл кісіге не жазып қойғанымды білмеймін, аудан әкімінің алдына дейін бардық. Татуласуға бірінші болып қолымды да создым. Көнбеді. Енді араға уақыт салып, арыма қайтадан дақ салуда. Мен қайтадан сотқа жүгініп отырмын. Тексеру қортындысы шықты. Еден жуушының шағымы дәлелденбеді. Мен, мұғалімдерден де, еден жуушылардан ұстаз бен еден жушылар аспандағы айды жерге түсірді. Мектеп директоры қол астындағы педагогтар қауымымен техникалық қызметкерлерді құлдай жұмсапты. Бай-бағландар үйлеріне қызметшілер ұстайды ғой. Ал, мектеп директоры мұғалім мен шаруашылық қызметшілерін өзінің ұлының үйін күтіп ұстап, одан қалды құрбысының үйіндегі кілемді мектеп ауласына әкеп жуғызғанын видеомен дәлелдейді.

«*Маған өзінің үйін әктетті. Сосын ұлының үйін, сіңлісінің үйін де ақтатты. Құдаларының үйіне барғам жоқ. Кейде жалғыз барам, кейде ұжым болып қыздармен бірге барып үйінің жұмысын істейміз. Мен еден жуам. Негізгі жұмысымнан бөлек медбикенің де кабинетін жуам. Ол үшін маған қосымша 0,5 ставка қосқан. Алайда, негізгі жұмысым үшін төленетін 50 мың теңге айлықты өзіме қалдырам да, 22 мың теңгені директорға апарып берем. Еденді тазалайтын директор емес, мен ғой, ақшаны мен алуым керек. Ол өзі 3-4 ай алып келді. Нұр-Сұлтан қаласындағы оқу орындарында еден жудым көп жыл. Бірақ бұндай бассыздықты көрмеппін. Жұмысқа тұрар кезде де менен ақша алды. Жасым 57-де, жетіскеннен еден жуып жүргем жоқ. Амалымыз таусылған соң арыз жаздық. Мектептің тазалығына 7 әйел жауаптымыз. Қыста қарын күреу, қоршаудың сыртындағы арам шөптерді жұлу да біздің мойнымызда болды. Кейін білдік, бұл жұмыстар құжат жүзінде бізге міндеттелмеген екен*», – дейді Айнагүл Жәнібекова «Азаттық рухына» берген сұхбатында. Директордың жеке үй шаруасын жайғастырумен амалсыз айналысқан әйелдер бұл іске бастықтан сескенгендіктен барғанын айтады. «*2019 жылдың қаңтар айында жұмысқа тұрғанмын. Жас маманмын. Содан бері талай қиындықты көрдім. Мен бастауыш сыныптың мұғалімімін. Аяғым ауыр кезде мектеп директоры өзінің үйін әктетті. Екінші баламның декретінен шыққан соң жұмысқа алмай әбден қинады, жылатты. Мына мектеп ауласындағы көк кілем бастықтың құрбысына тиесілі. Кіші қызметкерлер мен аула тазалаушы ағай да әлгі кілемді тазалады. Өзге де құрбыларының үйіндегі кілемдерді мектептің ауласына әкеліп, жуғызып, тазалатқызады. Мені ғана емес, өзге де жас мамандарды қинайды, сыйлық алғызу, алтын әперу сынды талай нәрсені істетті. Аяғым ауыр кезде де ұлының үйін әктедім. Өзіме тиесілі кезекші сыныпты бермеген соң мектеп директорының үстінен облысқа арыздандым. Комиссия келген соң ғана айлығымды толық ала бастадым. Бірақ мектептегі өзге де қызметкерлердің шыдамдары таусылды»*, – деді І.Есенберлин атындағы орта мектебінің мұғалімі Гүлнара Сейсембаева. «*Мектепте кілем жуатын аппарат, өзге де қажетті заттар бар. Сондықтан үйлеріндегі кілемді мектепке әкеліп жуғызады. Құрбысының кілемін тағы әкелгенде шыдамы таусылған техқызметкерлердің біразы оны тазалаудан бас тартты. Бірақ мен соңына дейін шыдап жудым. Еден жуатын 7 әйел де арыз жаздық. Жоғарыдан бүгін комиссия келгенде бізді жан-жаққа жұмсап, жиналысқа кіргізбеуге тырысты. Біз бәрібір амалын тауып жиналысқа қатысып, ойымызды ашық айттық*», – дейді шағымданушылар. Міне, білім саласындағы былық-шылықтардың бірсыпарасы осылар. Бас ұстаздардың қам-қарекеттері, білім саласындағы «иі қанбаған» идеологияның жемісі.

Тексеру нәтижесінде Есенберлин атындағы директор қызметінен босатылған. Алматы облыстық білім басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Гүлсара Исағұлова тексеруге барған комиссия фактілерді анықтағанын, директордың орынбасары еңбек демалысынан әрі қарай өз еркімен жұмыстан кетуге арыз бергенін мәлімдеді.

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 28 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.30 «Мәселе»
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 «Қызық екен...»
13.00, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
13.10 «Замандастар»
14.00, 02.15 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жарқын жүдесу»
16.00 « Ауылдастар»
16.40 «Тәуелсіздік тарландары»
20.35, 01.25 « ASHYK ALAN»
21.30, 00.20 Футбол. UEFA Euro -2020. «Доп Дода»
21.50 Футбол .UEFA Euro -2020 .1/8 финал.
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.50 «Сана»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «Хабарline»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,01.00 «Әсем әуен»
11.15 «Шашу»
13.15,23.30 Т/х «ҚҰСАЙЫНОВТАР. ӨМІР ЖОЛЫ»
15.00«Бүгін»
17.00 «Позывной «СТАЯ»
18.00 «Рекурт»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Индустрия»
21.00 Итоги дня

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.05 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.30, 03.50 «Үздік әзілдер»
16.00 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 Т/х «ТАҒДЫРЫМ ЖАЗЫЛҒАН КҮН»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Ғашықтар»
06.40,03.15 «Той заказ»
07.10,04.00 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 Пусть говорит
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Сын»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Ментовские войны»
00.40 «Неопалимая купина»
01.30 «П@утина»
02.50 «Ғашықтар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Улы тамшылар»
08.30 «Ясминнің тағдыры»
09.10, 02.20 «Сен мықтысың, тек алға!»
10.00 «Семья на год»
13.50 «Любви целительная сила»
15.50 «Осиное гнездо»
18.00 «ЕКІНШІ ӘЙЕЛ»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Входя в дом оглянись»
03.20 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Әкелердің әңгімесі»
11.45 «Спорт»
12.00 «Қазақ үні»
12.35 «Полицейская служба»
13.00 «Олжа»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 К/ф «Көңілдің күйі»
16.10 «Жүз жасаған журналист» фильм
16.15 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Ауырып ем іздегенше»
21.10 Д/ф «Мәдени қазыналар»
21.30 Итоговые новости
21.55 21-блок, Ауа райы, анонстар
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (17-18 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.10 Неге?
08.50, 17.00 «Последние 24 часа»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30, 21.00 Сериал «Принцесса лебедь»
14.00 «Тәтті шоу»
16.30 «Лило и Стич»
17.00 «Последние 24 часа»
18.00 «Джуманджи»
20.00 Информбюро
21.00 «Дар небес»
22.20 «Хэллбой: герой из пекла»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Регина +1»
11.00 «Мой шпион»
13.00 «Бастық боламын»
14.00,02.15 «Q-елі»
16.00 «Сердечный враг»
18.00, 00.00 «Осколки счастья-2»
19.00 «Студия 7»
22.00, 03.00 «Арам ақша.Адал махаббат »
01.10 Т/х «Анна-детектив»

Открылось наследство после смерти Сухоруковой Галины Ивановны, умершей 24 февреля 2021 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, телефон:41-37-73, сроком до 24 августа 2021 года.

Сейсенбі - Вторник, 29 маусым

ҚАЗАҚСТАН

05.45 03.25 Әнұран
05.50 Футбол.Америка кубогі 2021. Боливия-Аргентина.
08.00 «TANSHOLPAN»
10.00,08.00 «Асау Толқын»
11.00 «Ән мен әнші»
12.00 «Қызық екен...»
13.00,17.00,20.00,00.40 «AQPARAT»
13.10«Сүйкімді София»
14.00,02.05 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жүзден жүйрек»
16.00 «Ауылдастар»
16.25 «Жан жылуы»
17.20 «Тұлға»
20.35,01.15«Ashyq alan»
22.30 UEFA Euro -2020. «Доп Дода»
23.50 UEFA Euro -2020. 1/8 финал
23.50 Т/х «Жат мекен»
02.55 «Жан жалуы»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «ХабарLine»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,01.00 «Әсем әуен»
10.15,21.30 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «Шашу»
13.00,23.45 Т/х «Құсайыновтар.Өмір жолы»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Позывной «Стая»
17.00 «Отчаянные»
18.00 «Близкие враги»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Баспанаға бағыт. Прямая трансляция
21.00 Итоги дня
01.30 «Әсем Әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»,
08.00М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30 Т/с «Қызым»
11.20,21.00 «Ұлым»
12.20, 23.10 «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.00,03.25 «Үздік әзілдер»
15.30 «Сулейман сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 Т/х «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01.30 Astana times
20.55 Loto 5/36 Прямой эфир
00.40 ««Қош келдіңіз»»
02.20 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.55 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,02.50Т/х «Ғашықтар»
06.40 «Той заказ»
07.05,03.35 «Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30,02.20 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Сын»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Ментовские войны»
00.30 «Неопалимая купина»
01.30 П@утина

КТК

07.00 Әнұран
07.05,03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Улы тамшылар»
08.50 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.30,02.20 Т/х«Сен мықтысың,тек алға!»
10.00 Новости
11.00 «Свои бывшие»
10.35,23.45 «Морские дьяволы.Рубежи Родины »
13.40,21.40 «Входя в дом,оглянись»
15.50«Осиное гнездо »
18.00 «Екінші Әйел»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00,01.35«Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.00 Т/х «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
09.55 Ауа райы, роликтер
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт»
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
14.00 К/ф «Атылған оқ»
16.00 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
19.05 Д/ф «Мәдени қазына лар»
19.20 «Ауырып ем іздегенше»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (19-20 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Ризамын
06.40 Әзілдер күнделігі
07.40 Информбюро
08.50,17.00 «Экстрасенсы-детективы»
09.50 «Иффет»
11.00,00.40Т/х «Ананди»
12.30«Тағдырдың сыйы»
14.10 «Восьмидесятие»
16.20 «Кухня-2»
18.00 «Сделка с дьяволом»
20.00 Информбюро
21.00 «Дар небес»
22.20 «Starперцы»
01.50«Кел татуласайлык»
03.50 1001 анекдот
05.10 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,04.45 «Қуырдақ»
07.00 «Оян,Qazaqstan»
09.00.15.00 «Мезгіл сезім»
09.40,17.00 Т/с «Домик на счастье-2»
10.40,19.30 Т/х «Нюхач»
13.00 «Бастық боламын»
14.00,21.30,02.15 «Q-елі»
16.00Т/с «Сердечный враг»
19.00 «Студия 7»
22.00,00.30 «Арам ақша.Адал махаббат »
01.10 Т/х «Анна-детектив»

Сәрсенбі - Среда, 30 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 «Қызық екен...»
13.10 «Сүйкімді София»
14.00, 02.15 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жарқын жүдесу»
16.00 « Ауылдастар»
16.40 «Тәуелсіздік тарландары»
20.35, 01.25 « ASHYK ALAN»
21.30 «ЗАМАНДАСТАР»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.50 «Сана»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «Хабарline»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,01.00 «Әсем әуен»
11.15 «Шашу»
13.15,23.30 Т/х «ҚҰСАЙЫНОВТАР. ӨМІР ЖОЛЫ»
15.00«Бүгін»
17.00 «Позывной «СТАЯ»
18.00 «Гринго»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Индустрия»
21.00 Итоги дня
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.05 «Күлдірген»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Ұлым»
12.30, 23.10 Т/х «Қайсар ханша»
14.00 «Айтарым бар»
15.30, 03.50 «Үздік әзілдер»
16.00 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 Т/х «ТАҒДЫРЫМ ЖАЗЫЛҒАН КҮН»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Ғашықтар»
06.40,03.15 «Той заказ»
07.10,04.00 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 Концерт
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Сын»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Ментовские войны»
00.40 «Неопалимая купина»
01.30 «П@утина»
02.50 «Ғашықтар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Улы тамшылар»
08.30 «Ясминнің тағдыры»
09.10 «Сен мықтысың, тек алға!»
10.00 Новости
10.40 «Свои бывшие»»
11.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
13.50, 21.40 «Входя в дом, оглянись»
16.00, 01.45 «Осиное гнездо»
18.00 «ЕКІНШІ ӘЙЕЛ»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.20 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Сегодня»
11.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
14.00 К/ф «Сүйгенім бол»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
20.10 «Тұғырдағы тұлға»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Ауырып ем іздеген ше»
21.10 «Спасая жизни»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (21-22 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.20 Информбюро (повтор)
08.50, 17.00 «Последние 24 часа»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30, 21.00 Сериал «Тағдырдың сыйы»
14.10 «Восьмидесятые»
16.30 «Кухня-2»
17.00 «Последние 24 часа»
18.00 «Отец невесты»
20.00 Информбюро
21.00 «Дар небес»
22.20 «УБРАТЬ КАРТЕРА»
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00,17.00 Т/с «Домик на счастье»
10.50,19.30 Т/х «Нюхач»
13.00 «Бастық боламын»
14.00,02.15 «Q-елі»
16.00 «Сердечный враг»
18.00, 00.00 «Позднее раскаяние»
19.00 «Студия 7»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
01.10 Т/х «Анна-детектив»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕСС-ТУР

ТУРИЗМ БОЙЫНША АЛҒАШҚЫ СЕМИНАР ӨТТІ

«KAZAKH TOURISM» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫМЕН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУРИЗМ ҚАУЫМДАСТЫҒЫМЕН БІРЛЕСІП «КӨЛСАЙ КӨЛДЕРІ» ҰЛТТЫҚ ПАРКІНДЕ ҚОНАҚ ҮЙЛЕРДІҢ ИЕЛЕРІ ҮШІН АЛҒАШҚЫ ТӘЖІРИБЕЛІК СЕМИНАР ӨТКІЗДІ.







Семинар тренингтердің арқасында үш күн ішінде қазақстандық туроператорлар мен қонақ үйлердің иелері тамақтандыруды ұйымдастыру, қолөнершілік және туризмнің тұрақты дамуы туралы көп мәлімет алды.

Қазақстан туристік қауымдастығының директоры Рашида Шайкенованың сөзінше Қазақстан биыл СВТ туризмінің бағыты ретінде Lonely Planet ірі халықаралық жолкөрсеткішінің үздік дестинациялары тізіміне енген. Яғни, елімізде, дәлірек айтсақ, Көлсай мен Алматы облысының басқа бөліктерінде әлемдегі ең жақсы қонақ үйлер бар.

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ туристік өнімдерді дамыту департаментінің директоры Даниел Сержанұлының айтуынша, «Көлсай көлдері» ұлттық паркі, атап айтқанда Саты, бұл жергілікті халықтың туристерден экономикалық, әлеуметтік және өзге де нақты пайда ала отырып, туризмді дамытуға қалай тартылуы мүмкін екендігінің айқын мысалы. *«Біз туризмнің осы түрін танымал етуге ұмтыламыз»*, – дейді ол.

Бірнеше жыл бұрын Саты ауылында барлығы 53 қонақ үй жұмыс істесе қазір олардың саны 81-ге жеткен. Қонақ үйлер саны да өсуде, егер 2019 жылы мұнда 8 нысан болса, биыл 29 қонақ үй жұмыс істейді.

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жылы Kolsay CBT Workshop аясында осы кентте 23 нөмірлі 30-шы қонақ үйдің салтанатты ашылуы өтті.

Сонымен қатар, қайта құру мен кеңейтуден кейін 160 орындық эко-қонақ үй ашылды.

«Алматы облысы елімізде экотуризмді дамыту бойынша, соның ішінде қонақ үйлер саны бойынша көшбасшы болды. Бұл көп жылғы еңбектің, жергілікті халықты үздіксіз оқытудың және өңірдің ойластырылған стратегиясының нәтижесі. Қабылданған қолдау шаралары біздің саланы жаңа сапалы деңгейге шығаруға көмектеседі», – деп атап өтті Алматы облысы туризм басқармасының басшысы Жанар Алчимбаева.

ДЕМАЛЫС ОРНЫ

Жабайы табиғатты жаны сүйетін жандар үшін таптырмас мекен Райымбек ауданында орналасқан. Жеке аудан мәртебесін алған өңірдің келбеті үш жыл ішінде айтарлықтай өзгерді.

АУАСЫ САФ АЛТЫНДАЙ «САФАРИ ТАУ-ШЕЛЕК»



Аудан таулы аймақ болғандықтан туризмді дамытуға қолайлы. Бұл маңда бес демалыс орны нақты жұмыс жасауда. Атап айтсақ, «Сафари Тау Шелек» ЖШС, «Қарасай» жайлауы, «Үшқақбақ», «Шоған сай», «Аққөл».

Бұлардың қатарында өзгеден дараланып тұрған, туристердің қызығушылығын тудырған – «Сафари Тау Шелек» демалыс орны.

2018 жылдан бастап жұмысын бастаған демалыс орны енді ғана аяғынан тұрып келеді. Тау шатқалдары қоршаған мекеннің тұмса табиғаты таңқаларлық. Десе де, бұл маңды туристер келетін орынға айналдыру:

Жер телімін рәсімдеу, демалыс орнына апарар жолды жөндеу, 12, 8, 6 қанатты қазақ үйлерді орнату оңайға соқпаған.

Бұл маңда «Күркілдек» сарқырамасы бар. 10 метр биіктіктен құлап ағатын ағын судың арыны қатты. Тау шатқалында орналасқан жерге көлікпен және атпен жетуге болады. Таңдау келушілердің өз қалауында. «Сафари Тау Шелекте» этноауыл, интераңшылық, атпен және жаяу серуендеу жолға қойылған.



«Бұл жер менің аталарымның табаны тиген мекен. Менің де балалық шағым осында өтті. Этонауыл ашып, туристерді шақырып, неге қонақ күтпеске деген ой келді. Сол арманды жүзеге асырдық. Орта есеппен мұнда аптасына 25-30 көлік келеді. Сонда келушілер саны 100 адамнан асады. Әлі де маңайымызды кеңіткіміз келеді. Қазір 6 қанатты қазақ үйлер бар. Алдағы уақытта 6,8 қанатты қазақ үйлер әр апта сайын алып келінеді деп күтіп отырмыз», – деп ағынан жарылды «Сафари Тау Шелек» ЖШС директоры Азат Саматұлы.

Демалыс аймағының басшысының сөзінше, ендігіде 50 бас қодас Қырғызстаннан алып келінеді. Қазіргі кезде олардың күтімі, өсіру тәсілі, жерсіндіруіне қатысты дайындық жұмыстары жүруде.

Райымбек ауданы, әкімдігі ММ кәсіпкерлер бөлімінің басшысы Абылай Бақытжанның сөзінше, «Сафари Тау Шелек» Райымбек ауданының орталығына 80 шақырым жерде орналасқан. Бүгінгі таңда аталған орынға жеткізер жолдың сапасын жақсарту жұмыстары бойынша жоспарлар қарастырылуда. Жеке кәсіпкерлер мен әкімшіліктің бірлескен қызметінің нәтижесінде көркем өлкеге қатынар жолдың жайы жақсармақ.

КӘСІП

Отандық туристерден бөлек, шекара асып келушілердің сүйікті демалыс орны, табиғаттың інжуі – Көлсай көлі. Демалушылар санының жыл санап артуына орай аталған аймақта ішкі туризм дамып, қонақ үй кәсібі де жанданды.

КҮНГЕЙ АЛАТАУЫ БАУРАЙЫНДАҒЫ ҚОНАҚ ҮЙ

Сатыдан Көлсайға апарар жолдың бойында орналасқан қонақ үй құрылысы 2 жыл жүргізілген. Екі қабатты нысанның іші заман талабына сай жасақталған. Қонақ үйде 40 адамға лайықталған 20 жатын орын бар.

Көлсай көлінен 5 минуттық жерде орын тепкен Kolsay Grand - эко қонақ үй.

Аты айтып тұрғандай, ғимарат иелері мұнда табиғилықты алдыңғы орынға шығарған. Айтуларынша, Қонақ үй мәзіріндегі тағамдар тек өздері қолдан жасайтын табиғи өнімдерден дайындалады. Өзгелерден ерекшелігі де осында. Ет, көкөністер, жемістер бәрі табиғи азық-түліктер қатарынан алынады.



«Ең әуелі барлық жағдай келушілер үшін жасалады. Олар бізден жоғары сапалы қызмет алуына барымызды саламыз. Келушілердің көңілдері толса содан асқан бақыт жоқ. Әйткені командамыздың кәсібилігіне баға беретін де қонақтар», – дейді Kolsay Grand қонақ үйінің директоры Әлішер Тайжанов.

Ғимараттың қапталында «Глэмпинг» салынған. Глэмпинг – бұл табиғатта жоғары дәрежеде демалу. Көлсай көлінің маңында бой көтерген нысандағы глэмпингтің ерекшелігі мұнда таза ауада құрылатын шатырларды жұмсақ төсегі бар жайлы үй алмастырады. Сондайақ, шомылуға арналған өзеннің орнына арнайы жуынатын бөлмесі болады. Бұдан бөлек, бұқтырма тамақтарды, дәмі тіл үйіретін мейрамхана тағамдары алмастырады екен.

Мұндай демалыс жабайы табиғаттың құшағында болуды ұнататындарға арналған.

«Дәл осы маңнан кәсіп ашу алғаш рет Көлсай көліне келген кезде ойға келді.

Кейін істің қамына кірістік. Екі жылдың ішінде салып біттік. Алдағы таңда аулада тұрған «Глэмпинг» санын ұлғайтқымыз келеді. Қанша айтқан мен эко қонақ үй бағытын ұстандық қой. Әлі талай жұмыс бар жасалар» –дейді Әлішер Әбенұлы.

Айта кетейік, мұнда бір күнге тұрақтау 15 мың теңгеге шығады. Ең шекті баға 36 мыңға дейін барады. Аталған қаражатқа жатын орын мен үш уақыт тамақтануы кіреді.

Бетті әзірлеген: С. БАЗАРҚҰЛОВА.

Ал, егер де бірінші сатыдағы судьяның шығарған үкіміне апелляциялық немесе кассациялық тәртіпте шағым жасалған немесе наразылық білдірген жағдайда үкім, егер оның күші жойылмаса, онда апелляциялық және кассациялық қаулы шығарған күннен бастап заңды күшіне енеді. Қылмыстық іс апелляциялық немесе кассациялық сатыдағы соттан қайтарылған күннен бастап, бірінші сатыдағы сот үкімді орындауға кіріседі.

Бірақ көптеген заңды органдардың уақытылы үкімді орындамауына байланысты бір үкім үшін көптеген хат жазылып, қиындықтар туындап жатады. Мысалы, үкім заңды күшіне енісімен айғақ заттарды ҚР ҚПК-нің 118-бабына сәйкес жою үшін тиісті құқық қорғау органға жолдама хат үкімнен үзінді жолданады, бірақ, ол уақытылы орындалмайды, сондықтан, әр ай сайын осы айғақ зат жойылмағаны жөнінде ескерту хат жазу керек болады, сонда кейде сол бір қылмыстық іс үшін бір жылдай уақыт ескерту жолданып, телефон арқылы сұраным жасалады. Сонымен қатар, сотталушыдан мемлекет пайдасына немесе жәбірленушінің пайдасына белгілі бір ақшаны өндіру жөнінде жолданған атқару парақтары жылдар бойы орындалмайды. Осындай жағдайда нұсқаулық бойынша сол атқару парағы жолданған аумақтық бөлімге ескерту жолдайды, осының бәрі жұмысты ауырлатып, қиындата түседі. Егер сотталушы жазасын өтеп жатқан мекемеде тиісті еңбек атқармаса, ол атқару парағы мүлдем қозғалыссыз жатады деген сөз. Сонда сотталушыдан миллиондаған ақша өндіруі тиіс жәбірленушілер не істеуі керек? Ол ақшаны сотталушы қайдан табады? Мәселен, нашақорлықпен сотталған сотталушылардың көбінің мүлкін тәркілеп жатады, анықтап келгенде кейбіреулерінде ешқандай мүлік те болмайды, сонда бұл атқару парағы да аумақтық сот орындаушылар бөлімінде орындаусыз күйінде тұрады деген сөз.

Кейде тіпті атқару парағының жоғалып кеткені жөнінде бізге акт жолданады. Қазіргі таңдағы сотталушылардың көбінің тұрақты мекенжайы жоқ болғандықтан, олардың мүлкін тәркілеу, белгілі ақшаны өндіру туралы атқару парақтары орындаусыз қалады, немесе өндірістен қысқартылады. Осындай олқылықтарды болдырмау үшін құқық қорғау және сот актілерін орындау органдарының қызметкерлері жолданған хаттарға уақытылы жауап беріп, атқару парақтары жөнінде мәліметтер беріп немесе уақытылы қайтарып тұрғандары жөн.

Айгүл ҚАСЕНОВА,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданарлық сотының судьясы.

КӨНЕДЕН СЫР ШЕРТКЕН БАЛБАЛ ТАСТАР

Ғалымдар тас мүсіндердің пайда болуын Түркі қағанаттарының салтанат құруымен байланыстырады. Әсіресе Батыс Түрік қағанаты шығыс пен батысты байланыстыратын Ұлы Жібек жолына бақылау жасайтын, сауда-саттық, дипломатиялық қатынасы дамыған күшті мемлекет болды.

Балбал тастардың көпшілігі Түркі қағанаты кезеңіне жатады. VI – ғасырда Алтайда мемлекет ретінде құрылған Түркі қағанатының құрамында бүгінгі қазақ даласы даболғаны белгілі. Тас мүсіндер ғұрыптық өнер ескерткіштері. Бұл мүсіндерді мыңдаған жылдар бойы көшпелі сақтар, сарматтар, түрік ашиналары, қаңлы мен қыпшақтар тұрғызған. Ескерткіш олардың наным-сенімнің, берекесі мен байлығының, мәңгілік пен тұрақтылықтың белгісі іспеттес болды.

Ал көшпенділер арасында бабалар әруағына сыйыну кең етек алды. Ежелгі көне түркілер өз ата-бабаларына сыйынып, олардың әруағын еске алу үшін осы тас мүсіндерді қойып, оларды қоршауды дәстүрге айналдырды. Осы тас қоршаулар туралы Ә.Марғұлан: «Тас шарбақтар тарихи адамдардың жерленген қабірі емес, тек оларды еске түсіру үшін ас беріп, ат шаптыратын жерлерге қойылған белгілер», – дегенді айтады.

Балбал немесе тас мүсіндер Қазақстанның әр түкпірінде кездесетіні анық. Мұндай тарихи ескерткіштер Орталық Қазақстанның Ұлытау, Арғанаты, Қарқаралы, Ақсу-Аюлы тауларында, Алтай, Тарбағатай, Батыс Қазақстан, Үстірт өңірлерінде, бір сөзбен айтқанда, кең даламызда көп кездеседі. Әсіресе, Қаратаудың қойнаулары мен қырғыз Алатауының терiскейінде және Шу, Іле аймағында, Хантау мен Жамбыл тауларында тас ескерткіштер өте көп. Жеріне, еліне қарай олар әр түрлі. Мәселен Батыс Қазақстанда кездесетін тас ескерткіштер өзге өңірлердегіден өзгешелеу болып келеді.

Шығыстың ұлы шайыры Низами балбал мүсіндер туралы былай депті: «Қыпшақтардың барлық тайпасы ол жерге барған кезде, … мүсіндерінің алдында барынша иіледі. Жолдан жаяу келсе де, атпен келсе де оған табынады». Бұл деректен-ақ түркілердің ата-бабаларына деген құрметі ерекше болғанын білеміз.

Бауыржан ҚҰРБАН,
М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері.

ҚАЗЫНА

ТІЛДІ МЕҢГЕРУ - ПАРЫЗ

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін өсіріп, мерейін тасыту жолында егемен елімізде іргелі істер атқарылуда. Бодандық заманда жойылып кетудің аз-ақ алдында қалған ана тіліміздің абыройын асқақтатып, беделін биіктету тәуелсіз мемлекет болғалы бері қызу қолға алынды.

Бұған көп ұлттың өкілдері мекендейтін – достық зертханасы атанған Қазақ елінде мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылатыны да айқын дәлел. Бұл жөнінде еліміздегі қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңда, мемлекеттік тілді дамыту және оның қолдану аясын кеңейту туралы Мемлекеттік бағдарламаларда да баса айтылған.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағазы мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Осы талаптар тұрғысында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының 2009 жылдың 27 ақпанындағы «Іскағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 өкімі республикамыздың барлық соттарында қолданылады. Қазір іс қағаздарын жүргізу номенклатурасына сәйкес жүргізілетін кітаптар, есептік карточкалар, сот тәжірибесінің талдаулары, жедел кеңес және семинар сабақ хаттамалары, жоғары сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Демек, мемлекеттік тілдің мерейін өсіріп, қолданысқа кеңінен енгізуге өзіндік үлес қосу әркімнің асыл парызы іспеттес. Осы маңызды мәселелені жүзеге асыру жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданыс аясын кеңейту жорлында атсалысуға міндетті. Мәселен, сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысы мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алады. Өйткені, сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Бүгінгі күні егемен ел ретінде әлем мойындаған Қазақстанға деген қызығушылық артып, өркениеттің материалдық ғана емес, рухани құндылықтарымызды да танып-білуге деген ынта-ықыласы тереңдей түсуде. Ендеше қазақ тіліне деген құрмет пен ықыласты ұлттық сана биіктігіне көтерген жөн. Бұл міндет – сіз бен біздің перзенттік парызымыз.

Айнұр ОРМАШЕВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы.

ҚАЗАҚСТАН – 2030

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІ ЖЕТІЛДІРІЛУДЕ

21 ғасырдың ортасында әлемнің ең 30 бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына ену туралы міндет қойылды. Осы жылдар ішінде мемлекеттік қызмет жүйесінде үш реформа жүргізілді. Олардың барлығы мемлекеттің өзгеруі мен мемлекеттік басқару жүйесінің қалыптасу процестеріне тікелей байланысты.

Қарастырылып жатқан бағытты институционалдаудың бастауы заңдық күші бар Президенттің «Мемлекеттік қызмет туралы» Жарлығына қол қоюы болды. Аталған құжат қабылданған соң, мемлекеттік қызметтің қағидаттары, лауазымдар иерархиясы, қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктері белгіленді, құқықтық мәртебесі анықталып, және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер енгізілді.

Дамудың келесі кезеңі «Қазақстан – 2030» Стратегиясын бекіту болды, оның барысында кәсіби үкіметті қалыптастыру ұзақ мерзімді басымдылық болып анықталды. Бұл міндет «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңды қабылдаумен іске асырылды. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының бірінші бағытын іске асыру шеңберінде кадрларды жалдау, даярлау және ілгерілету жүйесі жетілдірілді. Персоналды басқарудың қазіргі заманғы құралдары енгізілді, мемлекеттік қызметшілердің сапалы құрамы арттырылды.

Көп жағдайда кәсіби мемлекеттік аппараттың болуы «Қазақстан – 2030» Стратегиясының міндеттерін мезгілінен бұрын орындауға және дамыған елдердің қатарына қосылуға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, мемлекеттік аппаратты жаңғырту жалғастырылуда. Одан арғы бағдарлар «Қазақстан – 2050» Стратегиясы мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында белгіленген.

Айнұр АНХАЕВА,
Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы.

ЗИЯНКЕС

ТЫШҚАНТЕКТЕС КЕМІРГІШТЕР

Тышқантәрізді кеміргіштер дәнді дақылдарды, бұршақ тұқымдастарды, жемісті және басқа дақылдарды зақымдайды. Олар егістіктерде, бақтарда, орман алқаптарында, қоймаларда өмір сүреді. Жыл бойы белсенді өмір сүріп, әртүрлі дақылдарға зиян келтіреді.

Олардың ең қауіпті кезеңі – кеміргіштердің қарқынды көбею уақытында, олардың жаппай қоныстануы кезеңі мен елді мекендердің тығыздығы жоғарылағанда. Бұл зиянкестердің ерекше қауіптілігі – олар жаздық дақылдарды жинау уақытында, әлі жиналмаған егіс алқабынан дәнді дақылдарды өздеріне қыстық қор ретінде қарқынды түрде жинау арқылы зиян келтіреді. Тышқантектес кеміргіштер шырынды көшеттермен қоректенеді және дақылдарды толығымен жоя алады. Бір зиянкес күніне өз салмағынан 300 пайызға артық жасыл сабақтарды жей алады. Сондықтан, маусымның ең басында олардың көбеюін және өрістердің шеттерінен бүкіл аймаққа таралуын тоқтату ерекше маңызды. Тышқантәрізді кеміргіштер 5 км қашықтыққа қоныс аудара алады, сонымен қатар, жақсы дамыған тығыз шөпті алқаптарды жақсы көреді. Сондайақ, кеміргіштердің көбею процессі жылдам жүреді, бұл олардың санының тез толысуына әкеледі. Бір зиянкес әр 20 күн сайын 6-12 тышқан әкеледі және сол туылған зиянкестер туылған күннен бастап, 20-30 күн өткен соң, оларда көбейе бастайды.

Тышқантәрізді кеміргіштер санының азаюына, оларға қарсы шаралар жүйесі маңызды рөл атқарады. Олардың ішінде ең маңыздылары агротехникалық шара болып табылады. Уақтылы және сапалы егістікті қопарып аудару, кеміргіштерді астықтан және қоймадан айырады. Тышқантәріздес кеміргіштермен егістіктердің қоныстануы күзде, көктемде көпжылдық шөптер мен күздік дақылдар егісінде, ал жазда шөптер, отамалы, көкөніс және басқа да дақылдар егісінде, жол жиектерінде, орман жолақтарында, суармалы арналарда анықталады. Ол үшін кеміргіштердің орналасу тығыздығына немесе аумақтың конфигурациясына байланысты есепке алудың үш түрлі әдісі қолданылады: маршруттық - колониялық, учаскелік немесе жем-шөппен аулау арқылы.

Кеміргіштердің түрлерінің құрамы мен жай-күйін анықтау үшін қақпанмен аулау қолданылады. Бұл жағдайда 100 тұзақ бір-бірінен 5 м қашықтықта түзу сызық бойымен орнатылады. Тышқантәрізді кеміргіштердің таралуы мен зияндылығының алдын алуда шешуші фактор, оларды жою іс-шараларының уақтылы және қысқа мерзімде (қар жамылғысының пайда болуына дейін) жүргізілуі болып табылады. Осы мақсатта, біздің саламыз, ауылшаруашылық дақылдарына зиян келтіретін аурулар, зиянкестер және арамшөптердің таралу аймағын, экономикалық зияндылық шегінен асып кетпеуін қадағалау, сонымен қатар, оларға қарсы қолдану шараларын жоспарлау.

С. ҚАЛИАҚБАРОВ,
ҚР АШМ АӨК МИК «РФД және БӨО» РММ Ескелді аудандық филиалының энтомолог маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МҰҚАҒАЛИ ~ 90

«МҰҚАҒАЛИ ПОЭЗИЯСЫ – КҮЛЛІ ҚАЗАҚТЫҢ БОЛМЫС-БІТІМІ. ОНЫҢ СЫРЛЫ СЕЗІМГЕ ТОЛЫ ЖЫРЛАРЫ ҚАЛЫҢ ОҚЫРМАННЫҢ ЖҮРЕГІНЕН ОРЫН АЛДЫ. АҚЫН МЕРЕЙ-ТОЙЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫМЕН ТҰСПА-ТҰС КЕЛІП ОТЫР. БҰЛ – ӘР ҚАЗАҚТЫҢ ШАҢЫРАҒЫНДАҒЫ МЕРЕЙЛІ ТОЙ», – ДЕГЕН ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІМЕН ЖЫЛ БАСЫНДА МҰҚАҢНЫҢ ДҮБІРЛІ ТОЙЫН БАСТАП БЕРІП ЕДІ МЕМЛЕКЕТ БАС-ШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВ.



АҚЫН МҰРАСЫ – ТҮРКИЯ ТӨРІНДЕ

Ақиық ақынның торқалы 90 жылдығын халықаралық деңгейде атап өту түбі бір түрік елінде бастау алды. Қазіргі заман талабы ұлт зиялыларының мерейтойын тоймен емес оймен, ұрпаққа үлгі, тарихқа елдерінің тіліне, атап айтсақ, қырғыз, түрік, әзер-байжан, өзбек, түркімен және башқұрт тілдеріне аударылды. Солардың бірі «Соңғы тырналар қайтқанда» кітабының тұсаукесер рәсімі



тағзым ретінде өткізу. Осы ретте биыл 90 жылдық шеңберінде Мұқағали шығармалары түркі ТҮРКСОЙ ұйымының ұйымдастыруымен Түркия елінде өтуде. Бұл туралы ФБ-дағы жазбасында облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары, ақын Жұматай Оспанұлы жазады.

«Түркияның Кастамону қаласында түрік, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түркімен, башқұрт тіліне аударылған «Қайтқанда соңғы тырналар» өлеңдер жинағының тұсаукесері жоғары деңгейде өтті. Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының төрағасы Дүйсен Қорабайұлының баяндамасымен басталған конференцияда Кастамону облысының әкімі Авни Чакыр, қала мэрі Рахми Галип Видинлиоглу және ҚР Мәдениет және спорт министрінің кеңесшісі Ерлан Жұрынбай, Алматы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мәрлен Қапашұлы баяндама жасады. Түрік тіліне аударған Кенан Чарбоға мен қырғыз тіліне қотарған Кожогелди Култегин Мұқаңның өлеңдері жайлы ойларын ортаға салды. Ақынның ұлы Жұлдыз Мұқағалиұлы әкесі жайлы естелік айтып, түркі әлемінің төрінде жырлары асқақтата оқылғанын ерекше бағалап, ақын туған қазақ халқының атынан алғыс айтты» – делінген жазбада.

Сондай-ақ, конференцияға дейін облыс әкімі Авни Чакыр арнайы қабылдағаны туралы да айтылған. *«Әкім мырзаның қабылдаған сәтінен кешкі асқа шақырып, аяғына дейін құрмет көрсетуі Қазақстаннан барған шағын топқа ғана емес, ақын туған атажұрттағы ағайынға көрсеткен құрметі деп қабылдадық»* – деген Жұматай Әміреев өз кезегінде екі жақ бір-біріне сый-сияпат ұсынды. «Мұқағали Қорының» төрайымы Бақытгүл Айдарбекова бірнеше адамға «Мұқағали» төсбелгісімен куәлігін тапсырса, облыс жұрты атынан ақынның бейнесі салынған сувенир мен «Жетісу жаухары» деген атпен жақында ғана жарық көрген фотоальбом тарту еткенін де тілге тиек етеді.

Салтанатты шарада дәстүрлі әнші Бейбіт Мұсаев әуелете ән шырқаса, түрік әнші-бишілері де түрлі музыкалық аспаптарда өз өнерлерін көрсетіпті. Кеш соңы «Түркі мәдениетінің астанасы» атты сурет көрмесіне ұласқан. Мұқағали шығармашылығына арналған үлкен жиын ел астанасы Анкарада ұласпақшы.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ТАҒЗЫМ

Жетісу өңірінің дамуы жолында талай азаматымыздың еңбегі еселі екені баршаға аян. Солардың ішінде туған жерінің өркендеуіне саналы ғұмырын арнаған абзал жандарымыздың аты-жөнін атап өтпеске болмайды. Олар Жақсылық Үшкемпіров, Серікжан Бескемпіров, Гүлжиян Сүлейменова, Жолан Омаров.

ЕЛ ЕСІНДЕ МӘҢГІ САҚТАЛАДЫ

Төрткүл әлемді тік тұрғызған тәжтажал еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтарымызды да айналып өтпеді. Жүрекке қаяу түсіріп, көңілді босатқан бұл жағдай біздің есімізде.

Мемлекеттік қызмет, ауыл шаруашылығымен спорт, ішкі саясат саласында тау тұлғалы Жақсылық, Серікжан ағаларымызбен, игі бастамалардың қасында болған Гүлжиян Мағданқызы, халқының алғысына бөленген Жолан іниіміздің еңбегі ерен.

Абзал жандарымыздың қасымызда жоқ болғанына бір жыл толмақ. Асыл ардақтыларымыздың еліне жасаған еңбегі мен жарқын бейнелерін ешқашан ұмытпаймыз.

Жанболат ЖӨРГЕНБАЕВ,
Алматы облыстық мәслихатының хатшысы.

МЫҢ АЛҒЫС СІЗГЕ, ДӘРІГЕР

АНАНЫҢ АҚ ТІЛЕГІ

Дәрігердің алдына қиналып келіп, қуанып шыққанға не жетеді?! Сондай жанның бірі Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханасына Түркістан қаласынан арнайы келген Таскүл Махмутовамен әңгімелесудің реті туды.

Жол алыстығына қарамай, сонау 1100 шақырым жерден келген Таскүл апай облыстық ауруханаың бас дәрігері Анарбек Монголға аналық алғысын айтып, жылы лебізін білдірді.

«Қасиетті Түркістан қаласының тұрғыны боламын. Мұнда аяғыма ота жасатуға келдім. Елімізде жақсы дәрігерлер көп болса да, Анарбек балама ықыласым бұрылып, Талдықорған қаласына келіп отырмын. Ал ол жайында кімнен естідіңіз десеңіз, қайынсіңілім, журналист, ақын Ханбибі Есенғараева айтты. Жетісу жерінде осындай керемет «алтын қолды» дәрігер бар екенін естіген күннен-ақ келуге асықтым. Сөйтіп, Анарбек балама қоңырау шалып хабарластым. Ол кезде пандемияның өршіп тұрған шағы еді. Дерттің беті қайтсын, мұндай отаны жасап жүрміз, алаңдамаңыз бәрі жақсы болады деп жылы шырай білдірген болатын. Осылай осы күнге сәті туды.



Ауруханада жатқаныма екі апта болды Осындай білікті, білгір жанның арқасында жағдайым жақсарып, аяғымды басуға да жарап қалдым. Осы күндер ішінде: Анарбек Монголханұлының «алтын-қолды» дәрігер ғана емес, еңбекқор басшы екендігін де аңғардым. Байқағаным жұмыс күндері ғана емес, сенбі, жексенбі күндері де ауруханадан шықпайды екен. Мұндағы әр науқастың жағдайын біліп, тексеріп олармен, емен-жарқын әңгімелесуге де уақыт табатындығы да тәнті етті. Іштей оның «халық үшін туған бала екен» деген тұжырымға да келдім. Осындай еңбексүйгіш, өз ісін жақсы көретін дәрігерлеріміз арамызда көп болса екен.

Менің аяғым ауырғалы он бес жылдан асыпты. Осы уақытқа дейін дәрігердің алдына баруға жүрексініп келдім. Енді, міне,қорқынышымның бәрі артта қалды. Ота жасап, аяғымнан тік тұрғызған Анарбек балама, облыстық ауруханаың травматология бөлімінде жұмыс істеп келетін барлық дәрігерге, осындағы медбикелер мен кіші қызметкерлерге айтар алғысым шексіз. Ел алдындағы қызметтеріне толайым табыс тілеймін.

Осы орайда көңілімдегі бір дуниені де баса айтқым келеді. Шынын айтсам, білікті де білгір дәрігерлердің тозығы жеткен ғимаратта жұмыс істеп жүргеніне іштей қынжылып қалдым. Көненің көзіндей болған ауруханаға күрделі жөндеу жұмысы жүргізілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Басшылық тарапына осы мәселеге терең көңіл бөліп, үнімізге үн қатса екен деймін» – деген түркістандық Таскүл Махмутова ақ желеңді абзал жандардың жұмысына сәттілік тіледі.

Жазып алған: С. ӘЙТЕНОВА.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

ДОЛГ КАЖДОГО ГРАЖДАНИНА РК

В связи с обретением казахским языком статуса государственного заметно изменились и его роль и функции в различных сферах науки. Особенно стала отмечаться роль казахского языка в процессе терминологизации, т.е. все больше стали использоваться в качестве терминов исконно казахские слова. Интернациональные термины стали заменяться казахскими вариантами, возросла активность архаизмов, пассивных слов и т.д. Таким образом казахское терминообразование стало на новый путь развития, так как оно было продиктовано требованиями нового времени в истории независимого государства.

Современное состояние казахской терминологии дает представление об источниках ее формирования, о времени создания, образования отдельных терминов и терминологических систем, о способах и методах номинации. Терминология каждого национального языка является результатом практических и познавательных действий представителей данной нации, так как все сферы общественной профессиональной деятельности находят отражение в названиях специальных понятий. В связи с этим исследование языка науки является одной из актуальных проблем казахского языкознания.

Во все времена каждый гражданин своей страны должен знать и чтить законы и традиции своей страны. Государственный язык – не только яркий, ни с чем не сравнимый символ нашей государственности, но и одно из главных условий укрепления независимости страны, надёжная гарантия сохранения самобытности народа, культуры, залог успешного взаимообогащающего сотрудничества всех национальностей и народностей, населяющих нашу страну.

Государственный язык – это язык государственного управления, законодательства, судопроизводства и делопроизводства, действующий во всех сферах общественных отношений на всей территории государства.

В Доктрине национального единства государственный язык определен ключевым приоритетом, главным фактором духовного и национального единства. Овладение им должно стать долгом и обязанностью каждого гражданина Казахстана, стимулом, определяющим личную конкурентоспособность и активное участие в общественной жизни.

Аян КАСЕНОВ,
судебный пристав Талдыкорганского городского суда.

КАК ПРИМЕНЯЕТСЯ ПРОЦЕДУРА МЕДИАЦИИ

Сферой применения медиации являются споры (конфликты), возникающие из гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношений с участием физических и (или) юридических лиц, а также рассматриваемые в ходе уголовного судопроизводства по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести, об уголовных проступках, если иное не установлено законами Республики Казахстан, и отношения, возникающие при исполнении исполнительного производства.

Процедура медиации не применяется к спорам (конфликтам), возникающим из отношений, указанных в пункте 1 настоящей статьи, в случае, если такие споры (конфликты) затрагивают или могут затронуть интересы третьих лиц, не участвующих в процедуре медиации, и лиц, признанных судом недееспособными либо ограниченно дееспособными.

Процедура медиации не применяется к спорам (конфликтам), возникающим из гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношений с участием физических и (или) юридических лиц, когда одной из сторон является государственный орган.

Процедура медиации не применяется по уголовным делам о коррупционных преступлениях и иным преступлениям против интересов государственной службы и государственного управления.

Целями медиации являются:достижение варианта разрешения спора (конфликта), устраивающего обе стороны медиации; снижение уровня конфликтности сторон.

Медиация проводится на основе принципов:добровольности; равноправия сторон медиации; независимости и беспристрастности медиатора; недопустимости вмешательства в процедуру медиации; конфиденциальности.

Условием участия в процедуре медиации является взаимное добровольное волеизъявление сторон, выраженное в договоре о медиации.

Стороны медиации вправе отказаться от медиации на любой ее стадии.

В ходе медиации стороны вправе по своему усмотрению распоряжаться своими материальными и процессуальными правами, увеличить или уменьшить размер требований или отказаться от спора (конфликта). Стороны свободны в выборе вопросов для обсуждения вариантов взаимоприемлемого соглашения.

Стороны медиации пользуются равными правами при выборе медиатора, процедуры медиации, своей позиции в ней, способах и средствах ее отстаивания, при получении информации, в оценке приемлемости условий соглашения об урегулировании конфликта и несут равные обязанности.

Разглашение участником медиации сведений, ставших ему известными в ходе медиации, без разрешения стороны медиации, предоставившей эту информацию, влечет ответственность, установленную законами Республики Казахстан.

Динара СИМИЛТАРОВА,
ведущий специалист Талдыкорганского городского суда.

НОВОСТИ

740 ОБЪЕКТОВ УЧАСТВУЮТ В ПРОЕКТЕ «ASHYQ»


Бассейны, лотерейные клубы и объекты туризма Алматинской области подключились к проекту «Ashyq». Всего в регионе приложение внедрили 740 объектов, сообщила пресс-служба областной палаты предпринимателей.

По словам директора Палаты предпринимателей Алматинской области Асета Шаяхметова, из 740 объектов 616 являются участниками, 124 объекта работают в тестовом режиме.

«К слову, с этой недели по проекту начали работать ряд объектов общественного питания, объекты туризма, дома отдыха, бассейны, а также филиалы госкорпорации «Правительства для граждан», акимат и аэропорт города Талдыкорган. Активно вовлекаются в цифровую платформу объекты туризма, культуры, спорта и санаторно-курортного назначения, дома отдыха. Сейчас для удобства посетителей и персонала объектов есть возможность пользоваться не только приложением «Ashyq», но и платформами Aitu, банковскими приложениями Kaspi.kz и Halyk Homebank», - рассказал директор Палаты предпринимателей Алматинской области Асет Шаяхметов.

Как отметили в областном Департаменте санитарно-эпидемиологического контроля, благодаря приложению в Алматинской области выявлено 103 носителя статусов «красный» и «желтый». В том числе, в городе Талдыкорган выявлено 57 человек со статусом «желтый» и 36 человек со статусом «красный», в Панфиловском районе зарегистрирован один носитель статуса «красный» и три статуса «желтый», в Ескельдинском районе выявлены один «красный», два «желтых» носителя, в Карасайском районе по одному носителю статусов «красный» и «желтый» и в Енбекшиказахском районе выявлен один со статусом «желтый».

Ш. БАТОВ.



ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

3 ТЫСЯЧИ ЧЕЛОВЕК ПЛАНИРУЮТ ОБУЧИТЬ БИЗНЕСУ

По сообщению пресс-службы Алматинской областной палаты предпринимателей, В 2021 году в Алматинской области в рамках обучающего проекта «Бастау Бизнес» по основам предпринимательства планируется обучить 3000 человек. Обучение началось с 26 апреля. Об этом в ходе брифинга на информационной площадке «JETISÝ MEDIA» рассказала начальник отдела нефинансовой поддержки предпринимательства Палаты предпринимателей Алматинской области Сания Наурызбаева.

Как отметила спикер, проект «Бастау Бизнес» в рамках государственной Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек» направлен на обучение казахстанцев предпринимательским навыкам. только в прошлом году 3 022 безработных и начинающих предпринимателей региона обучились азам бизнеса. Всего из числа обученных по проекту с учетом завершивших в прошлые годы, финансирование получили 2039 человек на общую сумму 1,8 млрд тенге.

«В этом году запланировано обучить по проекту «Бастау Бизнес» 3000 человек. Определены бизнес-тренера и консультанты, сопровождающие данный проект в районах и городах. В целом будет организовано обучение по 5 потокам и продлится до сентября текущего года. В связи с карантинными мерами обучение будет проходить в онлайн формате в течение 21 дня», - сообщила начальник отдела нефинансовой поддержки предпринимательства Палаты предпринимателей Алматинской области Сания Наурызбаева.

В проекте могут участвовать безработные, зарегистрированные в Центре занятости населения, а также люди с особыми потребностями, лица старше 50 лет до достижения пенсионного возраста, молодежь категории NEET, члены малообеспеченных или многодетных семей, члены сельскохозяйственных кооперативов, переселенцы и кандасы. Претенденты обращаются в Центры занятости населения по месту проживания. После выданного направления обращается в Региональную палату «Атамекен» или его филиал, либо может самостоятельно зарегистрироваться на сайте atameken.com. Далее «Атамекен» проводит обучение участников, по итогам которого выдается сертификат. С этим сертификатом выпускник проекта может претендовать на получение безвозмездного гранта в размере 200 МРП или льготного кредита под 6%.

К слову, с 2017-2020 годы по проекту «Бастау Бизнес» обучились 13 505 жителей Алматинской области, из них 5 137 проектов получили финансирование на общую сумму 74,2 млрд тенге.

По словам руководителя отдела занятости населения Управления координации занятости и социальных программ Алматинской области Алии Есимжановой, в текущем году по области запланировано создание 49 979 рабочих мест, в том числе 26 258 постоянных рабочих мест. На сегодня уже создано свыше 14 тысячи рабочих мест, из них 11,6 рабочих мест созданы в рамках госпрограмм.

В 2021 году для реализации Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек» было выделено 17,8 млрд тенге. Данные средства будут направлены на профессиональное обучение, микрокредитование, гранты, создание социальных рабочих мест.

ЯВЛЯЮТСЯ УЧАСТНИКАМИ ЦИФРОВОГО ПРОЕКТА

Как сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей, вАлматинской области ряд коммунальных государственных организаций и воинских частей внедрили проект «Ashyq». Учреждения являются добровольными участниками цифрового проекта. Об этом рассказал директор Палаты предпринимателей Алматинской области Асет Шаяхметов.

Среди государственных предприятий, получивших QR – КГП «Детско-юношеская спортивная школа «Үшқоңыр» в Карасайскомрайоне, РГУ «Воинская часть 6654 Национальной гвардии Республики Казахстан» в Енбекшиказахском районе, РГУ «Воинская часть 3660 Национальной гвардии Республики Казахстан» в Илийском районе, НАО «Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова».

По словам главы областной палаты предпринимателей Асета Шаяхметова, в «Ashyq» активно включаются объекты культуры и туризма. Так по приложению работает Талдыкорганский драматический театр имени Б.Римовой, Алматинская областная филармония имени Суюнбая, дом культуры села Отенай, РГУ «Государственный национальный природный парк «Көлсайкөлдері» и многие другие.

С момента запуска проекта в регионе 482 объекта бизнеса внедрили в своей деятельности «Ashyq».

«Сегодня из 482 объектов, присоединившихся в проект «Ashyq» - 411 объекта являются участниками, 71 объект работает в тестовом режиме. Список участников проекта ежедневно обновляется на сайте акимата области. Нужно отметить, что растет количество добровольных участников проекта. В их числе государственные органы, акиматы, детские спортивные школы, колледжи и зоны отдыха», - отметил директор РПП Алматинской области Асет Шаяхметов.

Среди государственных органов участниками «Ashyq» являются в Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Алматинской области и Департамент уголовно-исполнительной системы по Алматинской области.

По информации ДСЭК по Алматинской области, с момента внедрения приложения в городе Талдыкорган выявлены 49 людей со статусом «желтый» и 34 человека со статусом «красный», в Панфиловском районе выявлены по одному носителю статусов «красный» и «желтый», в Ескельдинском районе приложение обнаружило два человека со статусом «желтый», в Карасайском районе по одному носителю статусов «красный» и «желтый».

Напомним, в Алматинской области «Ashyq» начали внедрять в апреле текущего года. Проект позволяет минимизировать риски распространения COVID-19 и обезопасить посетителей и работников, а также дает возможность бизнесу работать вне зависимости от ограничительных мер и даже в условиях локдауна. За счет QR-кода и интеграции с общей базой ПЦР приложение определяет статус посетителя: является ли он носителем вируса или нет.

Приложение «Ashyq» доступно для скачивания в AppStore и PlayMarket. Вместе с тем функции приложения доступны в платформе Aitu и на сайте ashyq.kz.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАЗҒЫ СПАРТАКИАДА

ПОЛИЦЕЙЛЕР БІРІНШІ ОРЫН АЛДЫ

Облыс әкімдігі мен дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырған мемлекеттік қызметшілер арасындағы 13 жазғы спартакиадада полицейлерден құралған команда алдыңғы шептен көрінді.



Жарысқа әкімдік, сот, прокуратура, облыс бойынша ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, полиция, әділет, төтенше жағдайлар, мемлекеттік кірістер департаментінен 8 команда қатысты. Командалар спорттың жеті түрінен бақ сынады.

«Осындай спартакиада адамның салауатты өмір салтын сақтауға жол ашып, физикалық, эстетикалық және адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Сонымен қатар, бос уақытын тиімді өткізуге, түрлі аурудың алдын алуға, достық қарым-қатынасты тереңдетуге мүмкіндік сыйлайды», – деді облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Манат Айтмұханбетов.

Полицейлер командасы жалпы есепте 430 ұпаймен бірінші орынды иеленді. Футбол, волейбол, шахмат бойынша алдына жан салмады. Тоғызқұмалақ пен баскетболдан екінші орын алса, бильярд пен үстел теннисінен үшінші орын иеленді. Ерлер арасында аға тергеуші, полиция полковнигі Олжас Түгелбаев, әйелдер арасында полиция сержанты Ажар Шойбекова ерекше көзге түсті.

Жастар спорт сарайында командаларды грекрим күресінен Бейжің Олимпиадасының күміс жүлдегері, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев марапаттап, 300 000 теңгенің сертификаты мен кубок табыстады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

ЖАС ФУТБОЛШЫЛАРДАН ҮМІТ ЗОР

МЕНІҢ, «ФУТБОЛ» ДЕСЕ, ЖАРҒАҚ ҚҰЛАҒЫ ЖАСТЫҚҚА ТИМЕЙТІН ҺӘМ ІШКЕН АСЫН ЖЕРГЕ ҚОЮҒА ӘЗІР ТҰРАТЫН БІРНЕШЕ ДОСЫМ БАР. СОЛАРДЫҢ ҚАСЫНДА ЖҮРІП, АЙТҚАН ӘҢГІМЕЛЕРІН ЕСТІП, ӨЗІМНІҢ ДЕ ОСЫНАУ СПОРТ ТҮРІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫМ АРТА ТҮСТІ. БІЗ СЕКІЛДІ ЖЕР БЕТІНДЕ АЯҚДОП ӨНЕРІНІҢ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ ҚАНШАМА ДЕСЕҢІЗШІ? ИӘ, КҮЛЛІ ӘЛЕМНІҢ НАЗАРЫН АУДАРҒАН ФУТБОЛ ОЙЫНЫ УАҚЫТ ОЗҒАН САЙЫН АДАМЗАТ БАЛАСЫН ТАҢДАНДЫРЫП КЕЛЕДІ. ҚАЗІР ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ БҰЛ СПОРТҚА АЙРЫҚША КӨҢІЛ БӨЛІНІП, ОНЫ ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА. АЛ, БІЗДЕ ШЕ?



Бұл үрдіс біздің елде де бар. Бірақ қанша талпынсақ та, қазақ футболының айы оңынан тумай-ақ қойды. Аяқдоп өнерін өркендету үшін түрлі амалдар жасалды, жасалып та жатыр. Десек те, Қазақстандағы футболдың жай-күйі әлем елдерімен салыстыруға мүлдем келмейді. Сонда біз қашан Испания, Германия, Италия, Бразилия, Франция, Англия, Португалия, Ресей сынды футболы қарқынды дамыған елдердің қатарына қосыламыз?

Осы сауалға жауап табу үшін, әрі бүгінгі жасөспірімдердің футболға қызығушылығын білу мақсатында біз балалар мен жасөспірімдерді футболға дайындайтын Алматы облысындағы мамандандырылған спорт мектебіне бардық. Бұл жерде мектеп директорының орынбасары Әсет Нұрғалиұлымен сөйлесудің орайы келді. Оның айтуынша, қазақ футболының жағдайы екі негізгі мәселенің түйіні шешілгенде ғана оңалады.

«Егер шынымен қазақ футболына жаны-мыз ашыса, алдымен инфрақұрылымды дамыту қажет. Мойындау керек, қазір стадиондар жоқ емес, бар. Бірақ біздің климат Бразилия немесе Африкадағыдай емес. Осы жағынан келгенде бізде қыс мезгілінде футбол ойнайтын жабық алаңдар жоқтың қасы. Ал, Талдықорған қаласындағы «Жастар», «Өркен» сынды спорт кешендері көп жағдайда бос бола бермейді. Жарайды, үлкендер қары күрелген стадионда ойнай береді делік. Ал, кішкентай балалар ше? Оларға суық күнде жаттығу жасату мүмкін емес. Мәселен, қазір облыс орталығында 400-ге жуық бала жаттығу жасайды. Олар осының салдарынан дайындықты кейінге қалдыруға мәжбүр», – дейді мамандандырылған спорт мектебінің өкілі.



Сондай-ақ, ол бапкерлердің біліктілігін арттыру маңызды екенін қадап айтты. Онсыз қазақ футболын дамыту мүмкін емес.

«Мен өткен жылы Нұр-Сұлтанға барып, Барселонадан келген жаттықтырушылардан тәлім алдым. Сол жерден үйренген әдістәсілдерді өзіміздің балаларға келіп көрсеттім. Нәтижесінде, күнделікті жаттығуымызға өзгерістер еніп, балалардың шеберліктері арта түсті», –дейді Ә.Нүсіпов.

Айта кетейік, бұл мектеп облыс әкімдігінің қолдауымен 2006 жылы құрылған. Қазір мұнда 28 жаттықтырушы, 1 аға бапкер жұмыс істейді. Сегіз ауданда (Алакөл, Ақсу, Қаратал, Ескелді, Көксу, Панфилов, Іле, Кербұлақ) мектептің филиалдары бар. Жалпы, облыс бойынша футбол мектебінде 900-ден астам бала жаттығу жасайды.

Мамандандырылған спорт мектебіне балалар 5 жастан бастап қабылданады.

Кейін 16 жасқа толғанда олар «Жетісу» футбол клубына жіберіледі. Оқу ақысы жоқ, барлығы тегін. Егер баланың футболға қызығушылығы болса, мектеп есігі әрдайым ашық. Бір ғана талап бар – жас жеткіншектің денсаулығы жақсы болуы керек.

«Жетісу» клубы демекші, осы кәсіби команданың мамандары мектепке келіп, жақсы ойнайтын футболшыларды өздері таңдап алады екен. Қазір осы клубта спорт мектебінің 8 баласы құрам сапында ойнап жүр.

Әсет Нұрғалиұлы футболдан облыстық, республикалық чемпионаттар өтіп тұратынын да атап өтті. Мектеп құрылғалы «Болашақ» командасы ел біріншілігін 5 рет ұтып, үздіктер қатарынан көрінген.

Айталық, жуық арада мектеп ұжымы футболдан Талдықорған қаласының арнайы чемпионатын ұйымдастырмақшы. Негізі, бұл турнир бұрындары мектептер мен аула клубтарының арасында өтіп тұратын. Неге екені белгісіз, аталмыш жарыс кейінгі жылдары болмай жүр. Енді осы үрдіс қайта жанданбақ. Бұл бір жағынан балалардың жазғы демалысы қызықты өтуіне ықпал етеді және футболға деген қызығушылықты арттырады дейді мамандар.

Ілияс Мұхаметжанов – II санаттағы жаттықтырушы. Оның осы мектепте жұмыс істеп жүргеніне 5 жылға жуық уақыт болыпты. Қазір тобында 22 бала бар. Аптасына үш рет соларға «Болашақ» стадионында жаттығу жасатады және сенбі, жексенбі күндері басқа командалармен жолдастық кездесу өткізеді. Айтуынша, шәкірттерінің арасында болашағынан үміт күтуге болатын қабілетті балалар жетерлік.

«Негізі, балаларды футболға тарту қиын емес, шақырсаң келеді. Бірақ, сол келген балаларды ұстап қалу қиынның қиыны. Көбісі бір-екі жаттығудан кейін ақырындап қаша бастайды. Сондықтан оларды барынша қызықтыруға талпынамыз», – дейді жас бапкер.

Біз осы орайда оның шәкірттерін сөзге тартып, футбол әлемінде кімге еліктейтіндерін тыңдап көрдік. Мәселен, Мұхамеджан Абдурахман 7 жасынан бері футболмен тұрақты түрде шұғылданып келеді. Ол норвегиялық жас футболшы Эрлинг Холандты өзіне үлгі тұтады екен. Келешекте сол секілді әлемге әйгілі шабуылшы болуды қалайды.

Ал, Әлихан Әбілметтің футболға келгеніне 4 жылдан асқан. Негізі, 6 жасынан бастап аладоп ойынына қызығушылығы артыпты. Бастапқыда кумирі португалиялық шабуылшы Криштиану Роналду еді, қазір қақпашы болып жүргендіктен испаниялық футболшы Икер Касильясты үлгі тұтады.

«Болашақ» командасының тағы бір ойыншысы – Сұлтан Ертіс. Ол алдағы уақытта Лионель Месси (аргентиналық футболшы) секілді кәсіби футболшы болуды армандайды.

Байқағанымыздай бұл балалардың біреуі де қазақстандық футболшылардың есімін атамады. Барлығы шетелдік спортшылардың өнеріне тәнті. Солар сияқты әйгілі футболшы болуды өздеріне мақсат етіп алған. Лайым солай болсыншы. Мүмкін бұлардан кейінгі ұрпақ отандық саңлақтарды үлгі тұтатын шығар. Мұны уақыт көрсетеді.

Данияр САҒЫНДЫҚ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

28 МАУСЫМ – БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ



ТАҚЫРЫП ТАҢДАУДА ТАПҚЫРЛЫҚ ҚАЖЕТ

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, бірнеше әдеби байқаудың жеңімпазы Есболат Айдабосынның журналист жібермеу керек қателіктердің бірнеше топтамасын ұсынамыз.

1. Архаизм сөздерді қолданысқа енгізу қажет, неологизм сөздер өздері-ақ қолданысқа енетіні сөзсіз.

2. Сөйлемнің мәнін беретін бастауыш пен баяндауыштың дұрыс қолданылуына мән беру керек. Мысалы, «мен келдім, университетке дәріс беруге» деген сияқты басы мен аяғы ұйқаспайтын сөйлемдерден аулақ болған жөн.

3. Қазақылыққа көшу керек. Орысшадан қазақшаға тікелей аудару жағын қатаң бақылау қажет .

4. «Толығырақ тіліміз баяндайды» деген тіркестегі «толығырақ» сөзі «шала- шарпы» деген мағына білдіреді. Сонда халық сеніп отырған журналист шала-шарпы баяндаса не болмақ?

5. Көптік жалғаудың қажет етпейтін сөздер бар. «Шаштары» ағарып кетіпті» , «аттың «жалдары» деген сөздерге көптік жалғауын қосып қана қоймай, сан есімнен кейін жалғап қоямыз «200дей балаларға жеңілдік жасалған» деп байқапта, байқамайда қателік жібереміз.

6. «Бел шеше кірісті» дейді негізі, адам демалатын кезде беліндегі белбеуін шешеді. Ал, оны біз істі бастап жатқан сәттерде қолданып жүрміз.

7. Екпін қоюды үйрену қажет. Көп журналист екпін қоюда қателеседі. Журналисттің қателескені халықтың қателескенімен пара-пар.

8. Тақырып таңдауда тапқырлық қажет.

9. « Ауызға келгенді айта бермеу керек, Алдыға келгенді жей бермеу керек» деген сөз журналистерге айтылған.

10. Халық – ол ұйықтап жатқан ит болса, сіздің сюжетіңіз оны оятқан таяқ болу қажет. Сюжет адамды өзіне тартып алып кету үшін жан-жақты қарастырып түсірген жөн. Кейбір журналист ананымынаны түсіріп әкеліп, әкімді немесе басқа адамды сөйлете салады. Шынайлық жоқ.

Жазып алған: А.ӘСКЕРБЕККЫЗЫ.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, әлемдегі, айналадағы, оқиғаларды хабарлап отыратын, қоғам мен үкіметті байланыстыратын сала, ол – журналистика. Сонау Юлий Цезарь кезеңінен келетін журналистика уақыт өткен сайын ауқымы кеңіп, жаңа қыры ашылып келеді. Әр заманның ойшылдары осы ұғымға өзінше анықтама берген.

Журналистика – жол-жөнекей жазылатын әдебиет.

Арнольд Мэтью

Ойыңа бірде-бір ой келмесе де, оны қағазға түсіре білгенде ғана, журналист боласың. Тарихшы – көбіне өткенді саралушы журналист.

Карл Краус

Журналист талантты болса, науқасы да қатты болады. Ауруынан жартылай айыққан журналист – сыншы. Ал егер журналист осы сырқаттың созылмалы түріне шалдықса, жазушы болғаны.

В.Лебедев.

Журналистика қоғаммен бірге өмір сүріп, қоғаммен бірге тыныстайды. Қоғам тірлігінің тамыры қиылса, журналистика да біттіп тынады.

Н.Михалковский.

Журналист – өз газетінде сараланатын жазушы.

Адриан Декурсель

Тақырыптар оқиғаны екі еселеп жеткізеді.

Джон Голсуорси



Интервью – көркем шығармашылықтың бір түрі. Сұхбат алушыдан қанатты қиял мен композициялық шеберлік талап етіледі.

Маргарет Атвуд

Жазу қиын, бірақ мүлдем жазбау одан да қиынырақ болар еді.

Тадеуш Бреза

«Адамды ит қауып алыпты» деген жаңалық емес,
«Адам итті қауып алыпты» десең, жаңалық.

Чарлз Андерсон Дейла

Әдебиетті екі рет оқып түсінесің, ал журналистиканы бір-ақ рет оқығанда түсінуге болады.

С.Конолли.

ДЕНСАУЛЫҚ

ШИЕНІҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Шие - адам ағзасына пайдалы дәрумендер мен минералдардың қоймасы. Дәмді жидектерді ересектер, балалар, қарт адамдар пайдаланады.



Шие ежелден емдік қасиеті бар жемістердің бірі саналады. Халықтық медицина оны тәбетті шақырып, ас қорыту жүйесінің жұмысын жақсартуға қолданады. Жемістің негізгі қасиеті – ағзаның жалпы қабынуын төмендетіп, зақымданған органдар жұмысын қалыпқа келтіруге септігін тигізеді. Шие сөлі артық салмақты адамдардың қан қысымы мен тыныс алуын реттеуге де қауқарлы. Биологтардың мәліметінше, шие шырыны немесе тосабы зәр шығару жүйесінің жұмысын да реттей алады. Ал ерте кездері ата-бабаларымыз іші өткен, ұшынған адамға шие бұтағын суға қайнатып ішкізген. Сондай-ақ шие жүйке ауруларына да ем. Бір түйір шиенің құрамында: қант – 15 мг %, пектин – 11 мг %, А дәрумені – 0,3-0,55 мг %, С дәрумені – 15 мг %, РР дәрумені – 0,25-0,4 мг %, органикалық қышқыл – 1-1,6 % құрайды. Бұған қоса өте аз мөлшерде азот тәрізді заттар мен керацианин бар екен.

БАНАНДЫ СҮТТІ КОКТЕЙЛЬ



Бананды сүтті коктейльдің үлкен бір үлесін дайындау үшін сізге мынадай қоспалар қажет:

- Сүт – 250 мл
- Ванильді балмұздақ – 1 ас қасық
- Туралған банан – 2 дана
- Көпіршітілген кілегей – дәміне қарай
- Даршын – дәміне қарай
- Бір дана балғын шие – әсемдік үшін

1. Блендердің ыдысына сүтті құйыңыз, балмұздақ пен бананды қосыңыз. Барлық қоспаларды біртекті үлпілдек консистенцияға айналғанша блендермен ұрғылаңыз да биік стаканға құйыңыз.

2. Коктейльді көпіршітілген кілегей және шиемен әсемдеңіз. Түтікшемен ішіңіз.

Материалдар massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: А. ӘСКЕРБЕК

Alatau

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554 Индекс 15534
Тапсырыс № 637